

4. Қазақ КСР халық шаруашылығы тарихының очерктері. - Алматы, 1965. - III т.
5. Темірғалиев К.Е. Қазақстан мұнайы үшін күрес. - Алматы, 1982 ж.

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ САЯСАТЫ

Ануарова Ж.Д.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м. Тулегенова А.Ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

anuarova.z@bk.ru

Қарағанды қ.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақ халқының мәдени құрылысында өзгерістер орын алды. Сауатсыздықты жою мәселесі адамзат тарихында маңызды рөл атқарып келген. Сауаттылық деңгейін көтеру қоғамдағы теңсіздікті азайту, экономика мен мәдениетті дамыту үшін қажет болды. Сауатсыздықпен күрес науқанына қатысушы топтың бірі – қазақ жастары мен ұйымдары болды.

Қазақ халқы Ресей империясының құрамына енгеннен кейін нақты статистикалық мәліметтер айқындала бастады. Революцияға дейінгі кезеңде қазақ халқының тек 2% ғана сауатты болған және тек 22 қазақ жоғары білім алды деген ақпарат жаңсақ екені мәлім. Қазақ даласында білім іздегендердің біршамасы Самарқанд пен Бұхара секілді мұсылмандық орталықтарда діни білім алды. Әсіресе араб-парсы тілдерінде әдеби-тарихи кітаптарды оқуына мол мүмкіндігі болды.

XX ғасырдың басында Ресейде 89 губерния мен облыс болса, соның ішінде сауаттылық дәрежесі бойынша Ақмола облысы 75 орында тұрса, Жетісу облысы тіптен 86 орында тұрды. Осындай жағдайлардың орын алуының бір себебі империялық саясаттың ұстанымы болды. Мәселен, Ресейдің халық ағарту министрі Д.А.Толстой қол астындағыларға жолдаған бір жарлығында «Біздің отанымызда тұратын барлық бұратаналарды оқытудағы түпкі мақсатымыз оларды орыстандыру және орыс халқымен мидай араластырып жіберу болып табылады». Ал Орынбор генерал губернаторы П.П.Сухтелен бұдан да асып түсті. Ол «қырғыздарды жайландыру, оларды Европа халықтары жеткен биікке көтеру тәрізді әсіре ниетпен мен әуре болмаймын. Мен қырғыздардың мәңгі малшы, көшпенді болып қалғанын, ешқашан астық екпегенін, ғылымды ғана емес, тіпті қолөнерді де білмегенін жан-тәніммен қалаймын» [1].

Кеңес өкіметінің мәдени революция кезеңіндегі алғашқы құжаттарының бірі – «РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы» 1919 жылғы 26 желтоқсанда қабылданып, В. И. Ленин қол қойғандекрет болды. Құжатта 8-ден 50 жасқа дейінгі барлық сауатсыз азаматтарға оқу міндеттеліп, сауат ашу курстарын ұйымдастыру қажеттілігі айтылды. Декрет сауатсыздықпен күресуді мемлекеттік міндетке айналдырып, халықты білім алуға тарту арқылы қоғамды жаңғырту және мәдени деңгейін көтеру мақсатын көздеді. Декреттің басты өзегі жұмысшы тап өкілдерінің сауатын ашуға бағытталды. Негізінде, тек 1920 жылы Лениннің «Покрет» шығармасы шыққаннан кейін сауатсыздарды оқыту шын мәнінде бұқаралық сипатқа ие болды. Жарлық сонымен қатар Кеңес мемлекетінің еңбекші халықтың мәдени деңгейін көтеру жолындағы күрестегі жоспарлы іс-шараларының бастауы болды. Сауатсыздарды оқыту мемлекет есебінен жүргізілді. Студенттер үшін жұмыс күні екі сағатқа қысқарды, ал олардың жалақысы өзгеріссіз қалды, ал мектептер тегін таңғы ас берді. Сабақтар үйірмелерде, оқу залдарында, қызыл бұрыштарда өткізілді. Халық ағарту комиссариаты мен қоғамдық ұйымдар сауатсыздарды оқытуға барлық сауатты адамдарды еңбек қызметі тәртібіне тартуға құқылы болды. Қаулыда сауатсыздарды оқытуға кедергі келтірген адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қарастырылған. Сауатсыздықты жою халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізуді, оқудың қажеттілігін дәлелдеп жеткізуді талап етті. Білім алудың жеңіске жеткен пролетариаттың әлеуметтік міндеті екенін түсіндіру қажет болды.

1920 жылы РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің (ХКК) шешімімен өлкелік Халық ағарту бөлімдерінің жанында сауатсыздықпен күресу жөніндегі комиссиялар құрылды. Бұл комиссиялардың міндеті сауатсыздардың есебін алу, педагогикалық кадрлар даярлау, курстар мен мектептер ашу, оқу құралдарын басып шығару сияқты жұмыстарды ұйымдастыру болды. 1924 жылдың қаңтарында Қазақстанда "Сауатсыздық жойылсын" атты ұйым құру жөнінде дайындық жұмыстары басталды. 1924 жылдың 17 ақпанында өткен алғашқы ұйымдастырушылық жиналыста Қазақстандағы Сауатсыздықты жою ұйымы (СЖҰ) ресми түрде құрылды. Бұл ұйымның негізгі мақсаты сауатсыздықты жою болғанымен, олар жергілікті жерде жұмысшы, шаруа, малшы қатарын социалистік құрылысқа тарту және сауатсыз ауыл халқын қоғамдық істерге жұмсауға үйрету арқылы коммунистік идеология принциптерін насихаттаумен де айналысты [2].

Қазақ АКСР құрылған кезде (1920 ж.), Халық ағарту комиссариатының мәліметтері бойынша республикада сауатсыздықты жоюға арналған мектептердің жеткілікті саны болды: Орынбор губерниясында 40929 оқушы оқитын 1219 мектеп болды. Қостанай губерниясында – 7000 оқушысы бар 347 мектеп, Бөкеев губерниясында – 429 мектеп, 12612 оқушы. Қазақстан аумағында барлығы 1920-21 ж. 2412 сауат ашу орталығы жұмыс істеп, онда 72232 адам оқытылды. 20-30 жылдардағы білім беру жүйесінің маңызды құрамдас

бөліктерінің бірі ересек халық арасында сауатсыздықты жою болып саналды. 1921 жылы Қазақстан үкіметі сауатсыздықты жою жөніндегі Орталық төтенше комиссия (Казграмчека) құрды, ол ересек тұрғындардың қарапайым сауаттылықты меңгеретін пункттерін ұйымдастыру бойынша барлық жұмысты басқарды. 1921-1927 жж бұл пункттерде 200 мыңдай адам, 1929 жылы 150 мың, 1930 жылы 500 мыңдай адам оқытылды. 1935 жылға қарай Қазақстанда мектеп жасындағы балалардың 91%-ы оқуға алынғанымен, олардың үштен бір бөлігі ғана жеті жылдық және орта мектептерде оқыды, ал қазақ орта мектептері мүлдем жоқ еді[3].

1924-1925 оқу жылында бір ғана Семей губерниясында 211 сауатсыздар мектебі мен ересектер мектебі жұмыс істеп, оларда 9000 адам оқыды. Тап осы оқу жылында Ақмола губерниясында 500 жуық сауатсыз оқу орны жұмыс істеп, 10,8 мың адам сауатын ашады. Бұлардың 6,5 мыңы орыстар болса, 3,7 мыңы қазақ, 542 аз халықтар өкілі болды. Статистикалық деректер бойынша, 1924-1925 оқу жылында Қазақстанда 21,9 мың адам сауатсыздығын жойға[4].

1924 жылы ақпанда Қазақстанда Бүкілодақтық «Сауатсыздықты жою» қоғамының бөлімшесі құрылып, сауатсыздықты жою жұмыстары жүйелі жүргізілді. Осы қоғамның қызметі аясында «Сауат ашқыш» газетінде жеке топтарға сабақ өткізу жоспары жарияланды. Сонымен қатар сауатсыздықты жою мақсатында мұғалімдерді дайындайтын қысқа мерзімді курстар ашылды. Осы шаралардың арқасында халықтың білім деңгейін, сауаттылығын арттыруда қыруар жұмыстар атқарылды.

1920-1921 оқу жылында республика бойынша 72 мың адам оқу мен жазуды үйренді. Алайда одан кейінгі жылдарда оқыған хат танымайтындар мен шала сауаттылардың саны күрт төмендеді. Бұл жөнінде 1922 жылдың 8 шілдесімен белгіленген ресми құжаттардың бірінде: «оның себебі – аштық, бірде бір сауатсыздықты жоюшы қызметкер еңбегі үшін соқыр тиын, бір түйір де азық-түлік паегын алған жоқ» деп атап көрсетілді. Тек 1924-1925 оқу жылында сауатсыздықты жою жұмысының жандануы байқалды. Оған аштықты еңсеру және экономикалық жетістіктермен қатар, 1924 жылдың бас кезінде «Сауатсыздықты жойылсын» қоғамының сауатсыздықты жоюдың «біркүндіктерін», «бірайлықтарын» ұйымдастырып, кең ауқымда түсіндіру жұмыстарын жүргізуі болды. Келесі жылы «Сауатсыздық жойылсын» қоғамына 40 мыңнан аса адам мүше болып, солардың тікелей қатысуымен сауатсыздықты жоюдың 110 қызыл отауы ашылды. Әйелдердің сауатын ашуға көңіл бөлінді. Сауат ашушылар саны бірте-бірте өсе түсті. Егер 1920-1921 оқу жылында оқи және жаза білуді небәрі 4,1 мың адам меңгерсе, ал 1926-1927 оқу жылында олардың саны – 43,6 мың адамға жетті. Республика халқының сауаттылық деңгейі де артты. 1920 жылғы 14,4%-дан 1926 жылы 22,5%-ға дейін көтерілді [5, 384-385 бб].

1924-25 жылдары оқу әдебиетінің 16 атауы, 1925-26 жылдары 18, ал 1926-27 жылдары 44 атауы басылып шықты. Олардың жалпы таралымы 825 мың дана болды. Алайда, сауатсыздықты жою жұмыстары қаржы тапшылығы, оқу құралдары мен оқулықтардың, сондай-ақ мектеп ғимараттарының жетіспеушілігі секілді қиындықтармен жүргізілді. Мектептерді педагог кадрлармен қамтамасыз ету де оңай болмады. Қалалар мен орыс селоларында сауатсыздықпен күрес Орталық Ресейдің тәжірибесіне сүйеніп ұйымдастырылды. 1926 жылы бүкілодақтық халық санағы сауатсыздықты жою жөнінде атқарылған жұмыстардың қорытындыларын шығарды. Қорытындыға сәйкес, қазақ халқының сауаттылық деңгейі 6,9%, орыс халқының сауаттылығы 36%, ал басқа ұлттар арасында 33,4% болды. Жалпы сауаттылық деңгейі 17,8%-ды құрады.

1926 жылы 25-30 қарашада өткен БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің III пленумы әйелдер арасындағы мәдени ағарту жұмыстарының негізгі міндеттерін белгіледі, арнайы қаулы қабылдады. Ондағы негізгі міндеттер қалың бұқараға білім беру, ағарту, төрт жылдық мектептерді көбейту шаралары еді. Бұл үшін, әсіресе, Қазақстанда мұғалім, фельдшер дайындау ең маңызды мәселе деп, ауылдағы төрт жылдық мектептерді көбейтумен қатар, көшпелі мектеп, мерзімді мектеп, жаздық мектептер ашу жағдайлары қарастырылды. Әйелдер үшін сауатсыздықты жою мектептер көшпелі, шала көшпелі ауылдарда, қыстақтарда қыз балалар үшін бастауыш мектептер ашу ұйғарылды. Ауылдағы жалшы балаларын интернатпен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету көзделді [6, 16 б].

1926 жылы мамырда Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АКСР біртұтас еңбек мектебінің жарғысын» қабылдады. Онда 8 жастан 17 жасқа дейінгі балаларды оқыту, ұлдар мен қыздарды бірге оқыту, мектепке қандай болмасын дінді оқытуға жол бермеу, онжылдық оқу мерзімі қарастырылды. Ақырында, 1928 жылы Қазақстанда бар болғаны төрт ФЗО (ФЗУ), екі кәсіптік-техникалық мектеп болды. Осы жылдары халық ағарту комиссариаты тарапынан жоғары типтегі жалпы білім беретін мектептерде және кәсіби оқу орындарында оқитын қыздарды, сондай-ақ ұлдарды стипендиямен, әсіресе мұқтаждарды киіммен қамтамасыз ету міндеті қойылды [7, 19 б].

Сауатсыздық жою мектептері ісінің алға басуына кедергі болған жағдайлардың қатарында біріншіден, көшпелі және жартылай көшпелі қазақтардың өмір салтына, патриархалды-рулық сарқыншықтарға, екіншіден, материалдық базаның нашарлығына, үшіншіден, оқытушылардың жетімсіздігі мен олардың даярлығының төмендігі себеп болды. Мысалы, ауылдағы сауатсыздар мектептері үшін арнаулы мектеп үйлері болмады. Жалға алынғандар немесе қазақ байларының дүние мүліктерін тәркілегеннен кейін мектеп үйлері үшін берілгендердің де жабдықталуы қанағаттанарлықсыз еді. Қыстаулардағы жер үйлерге, жергелерге орналасқан оқу үйлері де мектепке лайықталмады. бөлмелерге жарық нашар түсті. Қыс айларындағы суықтан кейбір мектептерде сабақтар үзіліп те қалатын. Бірақ, оқу үрдісінің үзіліп қалуына аталған субъективті себептер ғана емес, объективті себептер де өте қатты әсер етті. Мысалы, 1921-1922 жылдары бірқатар аудандарды, ал, 1930-

1932 жылдары бүкіл Қазақстанды қамтыған ашаршылық зардабынан сауатсыздықты жою мектептері мен сауажой пунктері ғана емес, қалыптаса бастаған бастауыш мектептер де жұмыстарын тоқтатты [8, 44-45 бб].

Сауатсыздықты жоюда қалалар мен ауылдардан тәжірибе алмасу, көмек көрсету маңызды рөл атқарды. Осы кезеңде мәдениет саласында «Мәдени эстафета» жобасы ерекше орын алды. Әрбір сауатты адам өз кезегінде бір сауатсыз адамға көмектесуге міндетті болды. Бұл эстафетаның тағы бір ерекшелігі, оны қабылдау арқылы адамдар бір-біріне қолдау көрсетіп, үлкен іске атсалысу керек болды. Қазақстанда Ресей Федерациясының мәдениет ұжымдары сауатсыздықты жоюға, мектеп салуға, мәдени-ағарту жұмыстарына белсене қатысты.

1928 жылы «Сауатсыздықты жою» қоғамы Өлкелік партия Комитетімен бірлесе отырып ауыл-селоларда сауатсыздықты жою үшін мәдени жорық ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады. Онда «Осы кезге дейін жорық қаланы қамтыды, енді ауыл мен деревняны қамтуға тиіс. Жорықтың мақсаты - сауатсыздықты жою...» делінді. Правда газеті «Біздің социалистік құрылыс өзінің қауіпті жауы сауатсыздықты жеңу қажеттілігімен бетпе-бет келіп отыр, сондықтан жоспарлылық, ұйымшылдық, бұқаралық шешуші бетбұрыс қажет» - деп жазды. Мәдени жорық — сауатсыздықты жоюдың жаңа формасы ретінде сауатсыздыққа қарсы күресті жаңа сатыға көтеріп, оның қарқынын арттыруға тиіс болды. Мәдени жорық барысында деревнялар мен қазақ ауылдарында сауатсыздықты жоюдың маңызы, оның алдағы міндеттері туралы әңгіме өткізілді, латын тілінде сабақ жүргізе алатын мамандар дайындалды, сондай-ақ сауатсыздар мектептері мен пункттері ашылды [8, 49-50 бб].

Мәдени жорық 1929-1930 жылдары Кеңес Одағы республикаларының барлығын қамтыды. Қазақстанның ауылдары мен шалғай аудандары «Сауаттан», «Сауатты бол» әліппелерін, қазақ тілінде «Шала әліппе күнпарағы» әліппелерін, орыс тілінде «Красный пахарь» әліппесін, «Страна свободного труда» оқулығын, дүнген, украин, өзбек тілдеріндегі әліппелерді алды. Сауатсыздықты және шала сауаттылықты жою мақсатында жұмыс істеген мәдени жорыққа тартылған мәдениет еңбеккерлерінің көп бөлігі қоғамдық жұмыс ретінде ақысыз жұмыс істеді. Қоғамдық жұмыс ретінде ақысыз қызмет атқарғандар өз міндеттерін жауапкершілікпен жасамады. Бұл өткізіліп жатқан жұмыс олар үшін тек уақытша тапсырма ретінде болды.

Мектеп жүйесінің жұмысын жақсарту үшін партияның Орталық Комитеті 30-шы жылдары маңызды қаулылар қабылдады, оның ішінде «Бастауыш және орта мектеп туралы» (1931); «Оқу бағдарламасы, бастауыш және орта мектептегі режим туралы» (1932); «КСРО мектептерінде тарих пәнін беру туралы» (1934) т.б. Осы қаулылар бойынша 30-шы жылдары Кеңес одағында 4 жылдық бастауыш білім алу міндетті түрде енгізілді. Сонымен қатар соғыс қарсаңында 300 млн дана мектеп оқулықтары басылып шықты және олар көптеген кеңес халықтарының тілінде жарық көрді. Бірақ осы кезеңде партияның идеологиялық аппараты бірқатар халықтарды өздерінің тарихынан, дәстүрінен және рухани байлығынан айыратын шешімдер қабылдады. Жүздеген жылдар бойы араб алфавитін пайдаланып келген КСРО-ның түркі тілдес халықтары 20-шы жылдардың аяғында латын алфавитіне, ал 1940 жылдары кириллицаға көшірілді. Осының салдарынан бір ұрпақтың өмірінде олар ғасырлар бойы ұлттық мәдениеттерінің інжу-маржандары саналып келген кітаптар, газет-журналдар, ғылыми еңбектер, бағалы тарихи деректер жиналған жазуларынан айырылды [9, 197 б].

Кеңес одағында жүргізілген санақтың бірі 1939 жылғы санақ болды. Бұл санақ XX ғасырдың 30-40 жылдарындағы халықтың білім деңгейі жөнінде жалпы мәлімет беретін нәтижеге қол жеткізді. Дегенменде санақ нәтижесінде қате статистикалық деректердің кездесетіндігі байқалады.

1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағының ресми жарияланған мәліметтері бойынша, Қазақстанның 9 және одан жоғары жастағы тұрғындарының сауаттылық деңгейі 76,3%. Яғни сауаттылар республикадағы жалпы халықтың (6151102) төрттен үшін құраған. Дегенмен, Ресейдің мемлекеттік экономика мұрағатында (бұрынғы Орталық халық шаруашылығы мұрағаты) құпия сақталған екі томдық «Мәдениет саласы бойынша санақ қорытындыларының жинағында» Қазақстандағы сауаттылық мәселесіне байланысты басқаша сандарды көреміз. Аталмыш жинақтағы мәліметтерге жүгінсек, Қазақстанда 1939 жылғы халық санағы бойынша 9 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны – 1237774. Оның 94724-і мектепте оқитындар ретінде тізімге алынған. Сонда, санақ кезіндегі 9 жасқа дейінгі оқуға тартылмаған балалар саны – 1143050. Жоғарыдағы көрсеткіштермен қатар, «Мәдениет саласы бойынша санақ қорытындыларының жинағында» 1939 жылғы халық санағы нәтижесінде, жалпы республика бойынша 1165605 сауатсыздың есебі алынған. Олардың ішіндегі 1110385 адам немесе сауатсыздардың 95,2 пайызы 20 және одан жоғары жастағылар болып табылады. Осы категорияның ішіндегі адамдардың 55,3 пайызы 20 мен 49 жас аралығындағылар. Егер оқуға тартылмаған балалар санын барлық сауатсыздар санымен қосып есептесек, 2308655 адам санын аламыз. Бұл – сауатсыздардың республика бойынша жалпы саны. Осы көрсеткішті тұрғындардың жалпы санынан (6251102 адам) алатын болсақ, Қазақстандағы сауаттылардың саны – 3842447 адамды немесе 61,5 пайызды құрағандығын көреміз. Осы есептеулерден, 1939 жылғы Қазақстандағы сауатты тұрғындардың кеңестік статистикада белгіленген 76,3 пайыздың орнына 61,4 пайыз болғандығы анық. Бұл айырмашылық (14,9%), жоғары жақтың талаптары бойынша статистикалық мекемелердің сауаттылардың санын асыра көрсеткендіктерін дәлелдейді. Сөйтіп, 1939 жылы Қазақстан халқының ресми түрде жарияланғандай төрттен үші емес, үштен екісі ғана сауатты ашқан [10, 53 б].

Сауатсыздықты жою ел мен қоғамды дамыту жолындағы алғашқы және маңызды қадам болды. Алайда, бұл жеткіліксіз еді, себебі елдің экономикалық және техникалық артта қалуын жою үшін білім деңгейін көтеру қажет болатын. Осы мақсатта сауатсыздықты жоюмен қатар, жалпы білім беретін мектептер, жұмысшы

факультеттері, техникумдар мен жоғары оқу орындарының кең желісін құру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Негізінен орыс тілінде білім алу ұлттық республикаларда, соның ішінде Қазақстанда, біржақты емес нәтижелерге алып келді. Бір жағынан, туған және мемлекеттік тілдерді меңгеру республика азаматтарының этносаралық интеграциясының күшті факторы болды, сонымен қатар бүкіл Кеңес Одағында да маңызды болды. Екінші жағынан, қазақтардың тілдік және мәдени ассимиляциясының маңызы мен мәні, әсіресе, адам саяси мансап жасауға ұмтылған кезде өзекті болды. Дегенмен, Р. Сунидің айтуынша, қазақтар толық ассимиляцияға ұшырамаған, керісінше, этникалық айырмашылықтар — табиғи және әлеуметтік — Кеңес дәуірінде күшейген. Бұл, бір жағынан, компартияның этнополитикалық амбиваленттілігімен байланысты болды, ол барлық әлемнің жұмысшыларын интернационалдық бауырластыққа жетелейтін «бүкіл Одақ халықтарының даму деңгейлерін теңестіру» бағдарламасын іске асыруды мақсат етті. Бұл бағдарламада халықтарға саяси және, әсіресе, мәдени салаларда өзін-өзі анықтау мүмкіндігі берілген, ол халықаралық ынтымақтастық пен әлеуметтік әділдіктің кепілі ретінде қарастырылды [11]

Қорытындылай келе, кеңестік кезеңдегі сауатсыздықпен күрес қазақ қоғамындағы маңызды әлеуметтік-мәдени өзгерістердің бірі болғанын айта кеткен жөн. 1920-1930 жылдардағы сауат ашу науқандарында көп жұмыс атқарылды, бірақ бұл процесс бірқатар қиындықтарға тап болды. Әсіресе ауылды жерлерде материалдық ресурстардың жетіспеушілігі, көшпелі өмір салты, мұғалімдердің жетіспеушілігі сияқты мәселелерге байланысты оқу-ағарту жұмыстары қиын әрі ұзақ процесс болды. Соған қарамастан сауатсыздықты жою шаралары үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Мәдени науқандар мен сауат ашу курстарының арқасында халықтың білім деңгейі көтерілді, бірақ материалдық тапшылық, әлеуметтік көзқарастың өзгеруі сияқты көптеген қиындықтар мен кедергілер әлі де сақталды. 1939 жылғы халық санағы бойынша халықтың сауаттылығының жоғарылауына қарамастан, толыққанды білім алу мәселесі әлі де шешуді қажет ететін маңызды мәселе болды. Сауатсыздықты жою жұмыстары тек оқу-ағарту жүйесінің дамуына ғана емес, әлеуметтік теңдік пен мәдени прогресті қамтамасыз етуге де үлкен әсер етті. Кеңестік білім беру жүйесі мемлекет тарапынан жүргізілген мақсатты саясаттың нәтижесі болып, дәстүрлі қоғамдарды модернизациялауға, этносаралық интеграцияға және көпмәдениетті «тұтастық» қалыптастыруға бағытталды. Сонымен қатар, кеңестік әлеуметтік модернизация халықтардың мәдени дамуын қамтамасыз ете отырып, олардың моральдық құндылықтарын пайдалануды құруды көздеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Табылдиев Х.Б. Қазақстанда сауатсыздықты жою: Тарихи тәжірибе және тағылым (1917-1941 жылдар) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы. 1997. – 51 б.
2. Носач В.И., Ушанов А.А. Советские профсоюзы в борьбе за социалистическую культуру (1917-1937). – М.: Профиздат, 1986. – 176 с.
3. Абпазов А.К. История идеологического обеспечения просветительных кампаний по советского режима (1920-1933 гг.): историко-критический анализ авторефератдиссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2007. – 25 б.
4. Әбікей А.М., Қайыпбаева А.Т., Оспанова Р.Р. Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асырылуы. -Алматы. 2022.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы.
6. Ахметова Л. Қарлығаш қаламдастар: Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Қазақ университеті», 1993. – 112 бет.
7. Д.Асымова, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты. Қазақстандағы халық ағарту тарихынан (1920-1940 жж.) мақала
8. Даркенов Қ.Ф. Қазақстандағы білім беру ісі тарихынан (XX ғасырдың 20-30 жылдары) - Арқалық, 2009. - 155 б.
9. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы: - Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2005. – 344 бет.
10. Р.Жұмашев, Л.Тілегенова, Сауатсыздықты жою: Сандық талдау тәжірибесі. Мақала
11. С.Т. Рысбекова Образование как фактор социальной модернизации традиционного общества(на примере Казахстана 1920—1930(е гг.).

ҚАСЫМ ХАН – ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ КЕМЕҢГЕР ТҮЛҒАСЫ

Байтөлеу Бекарыс

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Касимова С.С.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

Ioxanem01@mail.ru